

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы.

Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22-сі) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава = жаңа + резаңһ = күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но = жаңа + роуз = күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді.

Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын» мәлімдеді. Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30



қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне кіргізді.

Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн: 21-23 наурыз аралығында аталып өтіледі (2010 жылдан бастап).

Жалпы Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда – 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі.

Наурыз – көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған.

Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар

«су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бөйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «наласарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған.

Әбу Райхан Бируни, Омар һайям, т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол. Мысалы, парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дөңгелек қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынады; ескі киімдерін тастайды; ескірген шыны аяқты сындырады; бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады; үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі; түрлі жарыстар (жамбы ату, т.б.) ұйымдастырады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні

жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді.

Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып,

(Соңы 2-бетте).

(Басы 1-бетте).

табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады.

Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920-1925

жылдар) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып тоқтатылды.

Бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды.

1988 жылдан Алматы қаласында, еліміздің көптеген аудандарында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады.

Баршаңызға Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

Мемлекет басшысы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекті қабылдады

2023 жылғы 02 наурызда Мемлекет басшысы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекті қабылдады.

Министр Президентке Қонаев қаласында академиялық қалашық салу жұмыстары басталғаны туралы есеп берді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр халықаралық университеттердің үш өкілдігі ашылғаны және биыл бес жаңа филиал ашылатыны жөнінде мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, министр 2023-2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасының жобасын ұсынды. Құжатта аталған саланы дамытудың барлық стратегиялық міндеті мен көрсеткіші қамтылған.

Мемлекет басшысына ғылыми қызметкерлердің жалақысы 2 есе өскені және іргелі зерттеу жұмыстарымен айналысатын ҒЗИ-ды тікелей қаржыландыру мәселесі жөнінде баяндалды. Алдағы 3 жылда ғылыми жұмыстарды

қаржыландыру 3,5 есеге артады.

Министрлік студенттер мен магистранттардың стипендиясын кезең-кезеңмен өсіруді және студенттер жатақханаларында 7 жыл бойы жыл сайын жаңадан 10 000 орын ашуды жоспарлап отыр.

Саясат Нұрбектің айтуынша, 15 өңірлік және 5 педагогикалық ЖОО базасында ғылымды әкімшілендірудің жаңа моделін енгізу және академиялық басымдық орталықтарын құру мәселесі пысықталып жатыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары білім алуға қолжетімділікті арттырудың және университет инфрақұрылымын дамытудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ жуық арада ғылымды әкімшілендірудің жаңа моделіне көшу қажеттігін айтты.

**Қазақстан Республикасы Президентінің
ресми сайты.**



Үкіметте жастар саясаты және білім беру саласын дамыту тұжырымдамаларының жобалары қаралды

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте жастар саясаты және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамаларының жобалары қаралды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Жастар саясаты тұжырымдамасының жобасы 6 бағыт пен 10 нысаналы индикаторды және 72 іс-шараны қамтитынын айтты. Негізгі новеллалардың бірі – жастармен жұмыс істеу және олардың проблемаларын шешу бойынша әкімдіктер жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін Жастарды дамыту индексі енгізу.

«Біз 2029 жылға қарай мемлекеттік қолдау шаралары туралы жастардың хабардарлығын 90%-ға дейін, волонтерлік, қайырымдылық және экологиялық бастамаларға тартылу деңгейін 32%-ға дейін арттыруды көздеп отырмыз», - деді Д. Қыдырәлі.

Сонымен қатар Тұжырымдама жобасы жас кәсіпкерлердің үлесін 30%-ға дейін, жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендер арасынан жұмысқа орналастырылған жастардың үлесін 61%-ға дейін ұлғайтуды көздейді.

2029 жылға қарай 2,3 млн жасты жұмыспен қамту жоспарлануда, оның 1 млн-ы – ауыл тұрғындары. Сонымен қатар ауылдық жерлерде тұратын 1,5 млн жас қазақстандық цифрлық сауаттылыққа оқытылатын болады.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасын ұсына отырып, оны іске асыру 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі сапалы білім алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін және мектептегі білім беру сапасын арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Үш ауысыммен оқытатын және апатты мектептерді, оқушы орындарының тапшылығын жою арқылы жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру жөнінде шаралар қабылданатын болады. Мәселені шешу үшін 1,5 млн жаңа оқушы орны ашылмақ. Мектептер қауіпсіздік жүйелерімен толық жабдықталады. 2026 жылға қарай ауылдарда, шағын қалаларда және аудан орталықтарында 5 мың мектеп жаңғыртылады.

Балалардан шығармашыл, интеллектуал және физикалық тұрғыдан жетілген тұлға қалыптастырып шығару үшін жағдай жасауға, сондай-ақ балалардың сапалы сауығуы мен демалысын қамтамасыз етуге қажетті деңгейде көңіл бөлінеді.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде қазақстандық жастардың колледждерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін білім алуына баса назар аударылды.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**



Қазақстанда мектептерде қауіпсіздікті арттыру бойынша қосымша шаралар қабылданады



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Үкімет отырысы барысында мектептерде қауіпсіздікті арттыру шараларын пысықтауды тапсырды.

Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаевтың хабарлауынша, 13 ақпанда таңертең Петропавл қаласының полиция басқармасына №4 орта мектептің оқушыларына дене жарақатын келтіру туралы хабарлама түсті. Оқиға болған орынға жылдам жедел-тергеу тобы аттанды.

(Соңы 4-бетте).

(Басы 3-бетте).

Тексеру барысында күдікті (9 сынып оқушысы) 2-ші қабатта орналасқан әжетханада маскасын киіп, балтамен дәлізге жүгіріп шығып, үш оқушыға шабуылдаған. Шабуыл жасаған оқушыны жоғары сынып оқушылары мен мұғалімдер ұстаған.

Қазіргі кезде 2 жәбірленуші қалалық емхананың стационарында жатыр, жағдайлары бірқалыпты. Бір оқушы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін үйіне қайтарылды.

Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 24-бабы 3-бөлігі, 99-бабы 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалып, күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Есепті тыңдап, Әлихан Смайылов Петропавлда орын алған оқыс жағдай халық арасында үлкен алаңдаушылық тудырғанын атап өтті.

«Балаларының қауіпсіздігіне алаңдамайтын отбасы

жоқ. Мектептің ішінде де қауіптің барын көріп отырмыз. Сондықтан бұл мәселені қайта қарап, оқу орындарына тексеру жүргізу қажет. Бейнекамералардың санын көбейтіп, мектепке кіреберіс жерлерде бақылауды күшейту мәселесін қарау керек», - деді Премьер-Министр.

Бұл ретте Үкімет басшысы Ішкі істер министрлігіне балалардың қауіпсіздігін арттыру бойынша келісілген ұсыныстар енгізуді, Денсаулық сақтау министрлігіне зардап шеккен балаларды емдеуді ерекше бақылауға алуды, Оқу-ағарту министрлігіне Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп, қауіпсіздік сабақтарын әзірлеуді тапсырды.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**

Қазақстанда отандық ғылыми жобаларды экономикада қолдану кеңейтіледі

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мәселелері қаралды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Сайлауалды бағдарламасында ғылым елдің бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін өндірістің жаңа технологияларына бағытталатынын атап өтті. Бұл экономиканың нақты секторында қазақстандық әзірлемелерді қолдануға және ғылымға бағытталған ұлттық жүйені кезең-кезеңімен қайта құруға жол ашады.

Министрдің айтуынша, коммерцияландыру туралы заңның қабылдануымен 2016, 2017 және 2018 жылдары Ғылым қоры грант алуға үш конкурс өткізді, оған 1 270 өтінім түсті. Іріктеу және сараптама нәтижесінде 150-ден астам жоба мемлекеттік қолдауға ие болды. Оларды іске асыру 140 ғылымды қажет ететін өндірістің құрылуына әкелді, бұл ретте 15 жоба экспортқа шықты, ал тағы бес жоба 1 млрд теңгеден астам сатылым жасайтын деңгейге жетті.

Өткен жылы жаңа конкурс өткізіліп, оған 152 өтінім түсті. Бүгінгі таңда 72 жоба қаржыландыруға мақұлданды, грант алушылармен 68 шарт жасалды. Салалар бойынша жобалар портфелі негізінен ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және химия өнеркәсібі салаларындағы бастамалардан тұрады.

Министр 2023-2025 жылдары ғылыми және ғылыми-

техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыру сомасы екі есе өскенін айтты. Сонымен қатар ЖОО жанындағы ғылыми-технологиялық парктерді дамытуға конкурстық негізде қаражат бөлу жоспарланып отыр.

Осы тақырып бойынша Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры Аманкелді Саданов баяндама жасады.

Баяндамашыларды тыңдап болғаннан кейін, Премьер-Министр отандық ғылымның әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оны республикалық бюджеттен қаржыландыру соңғы екі жылда екі есеге жуық өскенін атап өтті.

«Жетекші ғалымдарға еңбекақы төлеу базалық қаржыландыруға қосылған. Іргелі ғылыми зерттеулерге қаражат бөлінеді. Өзірленіп жатқан ғылыми жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру ұзақтығы 5 жылға дейін ұлғайтылды. Жас ғалымдарды қолдау үшін гранттар мен стипендиялар бөлінеді, олардың ғылыми еңбектерін жариялау белсенділігі артып келеді», - деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, соңғы жылдары ғылым туралы заңнамаға елеулі өзгерістер енгізілді, ғылымды дамыту тұжырымдамасы бүкіл ғылыми қоғамдастықпен бірге іске асырылады.

«Қоғам ғылыми-технологиялық саладан нақты өзгерістерді, ғылыми жаңалықтардың нақты экономикада

(Соңы 5-бетте).

(Басы 4-бетте).

қолданылуын күтіп отыр. Осыған байланысты ғылыми зерттеулердің нәтижесін арттыру, оның ел экономикасының дамуына қосатын үлесін ұлғайту үшін ауқымды жұмыс қажет», - деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы ғылыми ұйымдар мен кәсіпорындардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етіп, өзара іс-қимылдың белсенді алаңдары мен механизмдерін құруы қажеттігін атап өтті. Одан бөлек, ең перспективалы ғылыми бағыттардағы тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың үлесін арттыру қажет. Бұлардың қатарында атом және сутегі энергетикасы, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, биотехнология, биоқауіпсіздік, нейроғылым сияқты салаларды атап көрсетуге болады.

«Ғылымның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында Парламентпен жеке инвестициялар үшін қосымша преференциялар енгізуді пысықтау жұмыстарын жеделдету қажет. Бұл ғылым саласының заңнамалық базасын қайта қарауды талап етеді», - деді Әлихан Смайылов.

Қорытындылай келе, Үкімет басшысы «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң жобасын әзірлеп, оны маусым айында Парламентке енгізу, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландырудың жаңа механизмдерін ескере отырып, ғылымды дамытудың



қолданыстағы тұжырымдамасын өзектендіру, «Атамекен» палатасымен бірлесіп, еліміздің жетекші университеттері мен ірі кәсіпорындарының жанынан мамандандырылған инжинирингтік орталықтар мен технологиялық парктерді құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

«Ғылыми институттардың, университеттердің және өндірістің тиімді өзара іс-қимылы ғылымның дамуына және жаңа ғылыми жобаларды өндіріске енгізуге оң серпін береді», - деді Әлихан Смайылов.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**

Қазақстанда жыл сайын студенттік жатақханаларда 10 мыңға дейін орын ашылады

Елімізде студенттер арасында баспана тапшылығын жою мақсатында жыл сайын студенттік жатақханаларда 10 мың орынға дейін ашу жоспарланып отыр. Бұл мәселе Үкіметтің отырысында қаралды.

Президент тапсырмасына сәйкес студенттер үшін жаңа жатақханалар салу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, өйткені тұрғылықты жайлардың жетіспеушілігі еліміздің көптеген өңірлерінде өзекті мәселе болып отыр. Бұл ең алдымен Астана және Алматы қалаларында қатты сезіледі. Жастар өз бетінше баспана іздеп, оған қомақты ақша төлеуге мәжбүр.

Мәселені шешудің тиімді әдістерінің бірі – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру тетігін жетілдіру. Құрылыс салушыларды тарту үшін бір орынға мемлекеттік тапсырыс нормативі едәуір ұлғайтылды: мемлекет 6 жыл ішінде әрбір студент үшін жыл сайын Алматы қаласында 230 АЕК және елдің басқа өңірлерінде 195 АЕК төлейтін болады (2023 жылы 1 айлық есептік көрсеткіш 3450 теңгеге тең).

Осы мақсатта заңнамада жатақхана салу үшін жер телімін алу рәсімдерін жеңілдететін нормалар көзделген. Бүгінгі таңда мемлекеттік 28 ЖОО-ның 13-інің жер учаскелері бар, 12-сінің жобалау-сметалық құжаттамасы рәсімделген.

Жоғары оқу орындары көп шоғырланған Алматы қаласында жатақханалар салу мәселесі өткір күйінде қалып отыр. Мұнда инвесторларды тарту үшін бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейтін «Қаржы орталығы» АҚ жобалық офисі жұмысын бастайды. Оның тәжірибесін жақын арада республиканың басқа өңірлеріне де тарату жоспарлануда.

Кеңес қорытындысы бойынша әкімдіктерге жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, үш жыл ішінде студенттер жатақханаларындағы орындар санын 30 мыңға дейін жеткізу міндеті қойылды.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**

Инновацияларды дамыту және ғылымды өндіріске енгізу: Әлихан Смайылов Назарбаев Университеті қызметінің басымдықтарын белгіледі

4 наурызда ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов «Назарбаев Университеті» ДББҰ Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысын өткізді, онда ұйым қызметінің өткен жылғы қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған жоспарлары қаралды.

Кеңесте университеттің ғылыми қызметті кеңейтуді жалғастырып жатқаны, атап айтқанда, соңғы бірнеше жылда ғылыми-зерттеу жобаларының саны 146-дан 366-ға дейін өскені атап өтілді.

Сонымен қатар ЖОО тақырыптық конференциялар мен кәсіби даму бағдарламалары арқылы республиканың басқа жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасу бойынша жұмыс жүргізеді.

Назарбаев Университетінің тағы бір ауқымды жобасы ондағы Медицина мектебінің Астана фармацевтикалық кластерін дамытуға қатысуы болып отыр, бұл Мемлекет басшысының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар нарығындағы отандық өндірушілердің үлесін ұлғайту жөніндегі тапсырмасы шеңберінде іске асырылуда.

Сонымен қатар УМС университеттік медициналық орталығының базасында бірқатар күрделі хирургиялық операциялар жүргізіліп келеді, олардың кейбіреулері Қазақстанда алғаш рет жүзеге асырылып отыр.

Үкімет басшысына инновацияларды дамыту және ғылымды өндіріске енгізу бөлігіндегі ЖОО қызметі туралы баяндалды. Мәселен, 2022 жылы университет ғалымдары патенттер, коммерцияландыруға халықаралық гранттар жеңіп алды. Мысалы, аутизмге қарсы күресте роботтарды пайдалану жобасы республиканың 22 оңалту орталығында жүзеге асырылды.

Премьер-Министр ЖОО-ға ғылыми-зерттеу қызметін, оны коммерцияландыруды одан әрі нығайту қажет екенін, сондықтан отандық қолданбалы әзірлемелер әртүрлі салаларда жиі қолданылатынын атап өтті.

«Жалпы, университеттің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының және ғылыми зерттеулерді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасының көрсеткіштерін зерделеп, қажет болған жағдайда өзектендіру қажет», – деді Әлихан Смайылов.

Отырыста студенттер мен ЖОО түлектерінің кейбір жетістіктері туралы баяндама ұсынылды. Атап айтқанда, синтетикалық биология бойынша жыл сайынғы iGEM дүниежүзілік конкурсында NU iGEM командасының жоғары нәтижелері, жетекші әлемдік журналдарда ғылыми мақалалар жариялау, сондай-ақ тәжірибе алмасуға және

бүкіл Қазақстан бойынша жас зерттеушілер желісін құруға бағытталған «Университет көпірі» атты студенттік бастамасын іске асыру туралы сөз болды.

Сонымен қатар кеңеске қатысушылар бірқатар ұйымдастыру мәселелерін және инвестициялық-құрылыс жобаларын іске асыруды талқылады. Премьер-Министрге университеттің жасанды интеллект мектебі ретінде пайдаланылатын Алматы қаласындағы әкімшілік ғимаратын қайта құру жобасы, студенттік жатақханалардағы орындарды ұлғайту жоспарлары және басқа да бастамалар таныстырылды.

Отырысқа Ұлттық Банктің төрағасы Ғалымжан Пірматов, Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Тимур Сүлейменов, басқа да бірқатар мемлекеттік органдардың басшылары, «Назарбаев Университеті» ДББҰ президенті Шигео Катсу және қамқоршылық кеңестің басқа да мүшелері қатысты.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**



Ата-ана мектептегі баласының жағдайы мен қауіпсіздігі үшін алаңдамауы қажет

Білім беру ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қаралды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев 2020 жылмен салыстырғанда республикада бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етілген білім беру ұйымдарының саны 2,5 (Соңы 7-бетте).

(Басы 6-бетте).

есеге, лицензияланған күзеті 7 есеге және ескерту түймелері 21 есеге артқаны туралы баяндады.

Бүгінгі таңда осы бағыттардағы жұмыс жалғасуда. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздік жүйесін жетілдіру үшін білім беру ұйымдарындағы бірінші басшылардың дербес жауапкершілігін күшейту, олардағы бақылау-өткізу режимінің тәртібін айқындау, дағдарыс жағдайында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударатырып, тәрбие жұмысын қайта форматтау және педагогтарды даярлау мен қайта даярлау бағдарламасына жаңа тақырыптық модульді енгізу жоспарлануда.

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов атап өткендей, елімізде білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғау жөніндегі Нұсқаулық бекітілген. Оның шеңберінде 300-ге дейін оқушысы бар мекемелерде бейнебақылау және құлақтандыру жүйелері болуы тиіс, ал 700 адамға дейінгі объектілерде – бейнебақылауларды жедел басқару орталықтарына (ЖБО) қосу және дабыл түймелерін орнату, 700-ден астам адамы бар және облыс орталықтарының барлық мектептерінде турниктер мен қосымша лицензияланған күзетпен шарт болуы тиіс.



Бүгінгі таңда ҚР ТЖМ-мен бірлесіп барлық білім беру ұйымдарына кешенді тексеру жүргізілуде.

Өңірлерде жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров, Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов және Абай облысының әкімі Нұрлан Уранхаев баяндама жасады.

Премьер-Министр баяндамашыларды тыңдап, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі – мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

«Ата-ана мектептегі баласының жағдайы мен қауіпсіздігі үшін алаңдамауы қажет», - деді Әлихан

Смайылов.

Оның айтуынша, бұл бағытта нормативтік те, ұйымдастыру жағынан да барлық деңгейде жүйелі шаралар қабылдануда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Балаларды қорғау жөніндегі кешенді жоспардың жобасы әзірленді. Білім беру ұйымдарын дабыл кнопкаларымен және бейнебақылау жүйелерімен жабдықтауға, оларды полиция бөлімшелеріне қосуға, лицензияланған күзетпен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар күшейтілді.

«Білім беру ұйымдарында қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты түрде мониторинг жүргізілуі тиіс», - деді Премьер-Министр.

Сонымен қатар атқарылған шараларға қарамастан, өңірлерде проблемалар әлі де жеткілікті. Бейнебақылау орнатылған мектептердің арасында камералары стандарттар мен техникалық талаптарға сәйкес келмейтін мектептер де бар. Еліміздегі 1100-ге жуық мектеп полицияның жедел басқару орталықтарына қосылмаған. Бақылау режимі қатаң сақталмайды.

«Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы мектептерде лицензияланған күзет қызметтерімен келісімдер жасалмаған. Күзетке көбінесе арнайы даярлықтан өтпеген адамдар тартылады. Осы мәселелердің барлығын дереу шешу керек. Өйткені бұл – балаларымыздың қауіпсіздігі», - деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Осыған байланысты Үкімет басшысы осы жылдың 1 сәуіріне дейін мектептерді тиісті қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау жұмыстарын аяқтауы қажеттігін айтты.

«Бұл полицияның жедел басқару орталықтарына шығатын бейнебақылауға, мамандандырылған күзетпен және дабыл кнопкаларымен қамтамасыз етуге қатысты», - деп атап өтті Үкімет басшысы.

Сонымен қатар Премьер-Министр үш күн мерзімде Үкіметке балаларды қорғау жөніндегі

кешенді жоспардың пысықталған жобасын енгізуді тапсырды, оған уәкілетті органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритімін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар кіруі тиіс.

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы.**

Үкіметте оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру және мектептерді интерактивті жабдықтармен қамтамасыз ету талқыланды

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында орта білім берудегі оқу процесін цифрландыру барысы қаралды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Мемлекет басшысының Сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу және оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру көзделгенін атап өтті. Осыған байланысты таяу жылдары педагогтерді тиісті даярлауды жүргізу, цифрлық оқулықтар мен арнайы білім беру платформаларын қолдануды кеңейту, мектептерді техникамен және жоғары жылдамдықты интернетпен қамтуды жалғастыру жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда республика бойынша 7 мың мектепке электронды журналдар мен күнделіктер жүргізу, үй тапсырмаларын бағалау, беру, жоспарлар жасау және қашықтан оқыту үшін білім беру платформалары (Kundelik, білім, EDU және т.б.) енгізілді. Сонымен қатар мектептің мобильді қосымшалары, аналитикалық тақталар, асхана мәзірі және т.б. қосымша қызметтер бар.

Сонымен қатар министр қазіргі уақытта оқулықтардың 79%-ы цифрлық форматқа ауыстырылып, мемлекеттік сараптамадан өткенін айтты. 2024 жылы пәндерді цифрлық оқулықтармен 100% қамту жоспарланған.

Сонымен қатар мектептерде қосымша оқу материалдары ретінде мультимедиялық контенті бар цифрлық білім беру ресурстары белсенді түрде пайдаланылады. Бүгінгі таңда білім берудің барлық деңгейлері бойынша пәндердің 100%-ы қамтылған 50 мыңнан астам ресурс құрылды. Осы жылдың басынан бастап цифрлық білім беру ресурстарына 6,7 мың мектеп қосылды, оларға күн сайын үш млн оқушы мен мұғалім жүгінеді.

Өз сөзінде Премьер-Министр оқушыларды электрондық оқулықтармен қамтамасыз етудің маңызын айтты.

«Онда анимациялық, мультимедиялық компоненттер мен тапсырмалар көрініс табуы керек. Бұл оқулықтар кез келген компьютерде немесе

мобильді гаджетте қолжетімді болуы тиіс», - деді Әлихан Смайылов.

Жалпы, Үкімет басшысының айтуынша, оқу процесі интерактивті, заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып құрылуы керек.

Оған қоса Премьер-Министр қала мен ауыл оқушыларының арасындағы білім сапасының алшақтығын қысқарту мақсатында, ең алдымен, ауылдық мектептерді интерактивті және компьютерлік жабдықтармен қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

«Бұл тіпті шалғайдағы шағын мектептерде де оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге мүмкіндік береді», - деді Үкімет басшысы.

Сөз соңында Премьер-Министр 15 наурызға дейін Оқу процесін цифрландыру жөніндегі жол картасын қабылдау керектігін айтты. Онда оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру, мектептерді интерактивті жабдықтармен қамтамасыз ету, заманауи білім беру технологияларын енгізу жөніндегі шаралар көзделуі тиіс.

«Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, мектептердегі интернет жылдамдығын арттыру, мектептерді талшықты-оптикалық, жергілікті және сымсыз желілермен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауы қажет», - деп түйіндеді Әлихан Смайылов.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы.



8 Марта – праздник любви и тепла



праздником, пожелал счастья и благополучия. Трогательные и лиричные, зажигательные и яркие концертные номера подарили залу талантливые студенты университета. Особенно порадовала выступлением мужская половина коллектива.

В нашем вузе женщины стоят у руля факультетов, кафедр и подразделений, ежедневно делятся своими знаниями с обучающимися, ведут исследования. Наши студентки активно проявляют себя в

В первые дни весны солнце светит ярче, люди становятся добрее, а душа наполняется счастьем и с нетерпением ждёт праздников. Торжественный концерт, посвященный Международному женскому дню, собрал прекрасных представительниц со всего университета. Галантные мужчины вручили каждой даме букет с тюльпанами. Со сцены звучали искренние слова поздравлений. Председатель Правления-Ректор – Ерлан Шуланов поздравил сотрудниц, ППС и обучающихся с



жизни университета, занимают призовые места на олимпиадах, конкурсах и спортивных соревнованиях. Мы гордимся всеми ими! Желаем процветания, любви и настоящего женского счастья!

Взаимоуважение, созидательность, мир: в университете отметили День благодарности



1 марта в Казахстане – День благодарности всех этносов друг к другу и коренным жителям страны, проявившим милосердие и принявшим как родных, представителей разных народов в период массовой депортации в Казахстан в 30-40х годах прошлого века. Тяжелые годы не сломили людей, а сделали еще сильнее. Теперь Казахстан по праву гордится миром и согласием, царящими в республике. Во многом благодаря созданной уникальной модели общенационального единства.

В Kozybayev University этот праздник отмечается ежегодно с привлечением членов этнокультурных объединений АНК.

«В этом году мы поменяли формат мероприятия. Идея была в том, чтобы привлечь как можно больше студентов, чтобы они поучаствовали и смогли прочувствовать и эмоционально осмыслить суть этого праздника. В этот день хочется пожелать всем быть более внимательными к окружающим, помнить то добро, которое мы осуществляем ежедневно и осознавать, что сохранить мир, единство и согласие нам удалось, только лишь проявляя милосердие и чувство благодарности друг к другу», - отметила зав. кафедрой АНК Людмила Гривенная.

В этом году для гостей организованы выставка книг, мастер-классы гончарного и

войлочного дела, выступление инструментального ансамбля «Шертер».

В торжественном мероприятии приняли участие кандаасы из Монголии, Китая, Ирана. Также преподаватели и студенты, прошедшие обучение за рубежом, и вернувшиеся на Родину. Для молодого поколения важен пример людей, жизненный путь которых направлен на служение Отчизне через каждодневный труд, уважительное отношение к культурному наследию народа, преданности своей Родине. Поэтому на мероприятии почетными грамотами и благодарственными письмами МНВО РК, а также нагрудным знаком «За развитие науки» наградили преподавателей и сотрудников вуза.

Праздничное настроение на сцене создали артисты хореографических ансамблей, талантливые музыканты, актеры и вокалисты г. Петропавловска. В своих номерах они отразили культурное многообразие Казахстана, мир, процветание и любовь к Родине.

С праздником!



#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz



Обсудили новые тенденции в образовании

В нашем вузе одна треть от всех образовательных программ – педагогического направления. Поэтому обмен передовым опытом и знаниями в области подготовки педагогов с коллегами из других вузов просто необходим.

В связи с этим в Kozybayev University стало хорошей традицией проведение международной научно-практической конференции «Современное педагогическое образование: интеграция науки и практики». На этот раз, как в оффлайн, так и в дистанционном формате, она собрала представителей учебных заведений Казахстана, России, Беларуси, США. Поступило свыше 200 научных докладов. В пленарном и секционных заседаниях приняли участие специалисты Управления образования СКО, СКФ АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу», Сургутского ГПУ, Новосибирского ГПУ и другие.

На повестке дня новые тенденции в педагогическом образовании: практикоориентированность, непрерывность обучения в течение всей жизни, инклюзия. Член Правления по академическим вопросам Рената Апергенова отметила, что сегодня задача вуза - быстро реагировать на изменения в современном мире. И такие диалоговые площадки, позволяют скоординироваться и ответить на вызовы времени. Нет единого рецепта подготовки будущих педагогов. Он будет меняться по ходу обучения. И важно найти нестандартные, интересные решения в подготовке кадров.

К слову, в этом году уже произошел ряд новшеств. Например, теперь практику студентов - педагогов оценивают не кафедры вуза, а наставники в школах. Университеты РК получили возможность привлекать больше специалистов-практиков к преподавательской деятельности.

Также на мероприятии выступил декан Колледжа образования Университета Аризоны. Он рассказал, что совместно с его вузом в Kozybayev University ведется подготовка по международной программе «Психология в образовании». Работа конференции продолжилась во второй половине дня на пяти секционных заседаниях по актуальным темам музыкального, спортивного, начального и дошкольного образования, педагогике, в том числе специальной и социальной направленности.

www.nku.edu.kz



MBA-day в университете



В нашем вузе прошла серия мастер-классов и встреч студентов и ППС, а также предпринимателей СКО с бизнес-тренерами Алматы Менеджмент Университета (AlmaU). Подписанный меморандум о сотрудничестве между двумя учебными заведениями позволит открыть в Kozybayev University совместную программу MBA.

Напомним, MBA (master of business administration) – это квалификационная степень магистра в менеджменте, по которой готовят управленцев общего профиля для работы в различных сферах деятельности. Срок обучения от 1 до 3 лет.

«Наш университет в последние несколько лет вышел на новый виток своей трансформации. Он пытается быть более современным, трендовым и адаптивным. Сейчас мы понимаем, что, если мы хотим, чтобы региональная экономика росла, нам нужны новые продукты, которые будут помогать местному бизнес-сообществу. Мы запускаем нашу коллаборацию с AlmaU, которая обязательно выльется в большой серьезный проект. Постепенно мы выстроим свой локальный бренд бизнес-образования», – поделился Председатель Правления – Ректор Ерлан Шуланов.

О старейшем частном вузе страны рассказал Президент и

основатель Almaty Management University (AlmaU) Асылбек Кожаметов. Знания и навыки — самый надежный актив, его невозможно потерять. Однако в современном мире знания быстро устаревают, поэтому их нужно регулярно обновлять.

Почерпнуть много нового участники MBA-day смогли на мастер-классах «Систематизация, как инструмент роста компании» и «Инновации в маркетинге для роста продаж». Занятия провели известные казахстанские бизнес-тренеры Дмитрий Гусенко и Тимур Сабитов. Теперь предприниматели региона, стартаперы, представители сфер маркетинга, менеджмента и бизнеса смогут инвестировать в свои знания и навыки, пройдя обучения по программе MBA в Козыбаев университете.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz



Читайте новости Kozybayev University
первыми на сайте ku.edu.kz

Совершенствуя систему подготовки специалистов для госуправления

Меморандум о сотрудничестве между Kozybayev University и Академией государственного управления при Президенте РК заключен в Астане. Наш университет в числе других казахстанских вузов, осуществляющих подготовку в магистратуре и докторантуре по направлениям «Государственное управление», «Государственное и местное управление», «Управление человеческими ресурсами», ожидает ряд новшеств.

В рамках Меморандума предполагается коллаборация в области научных исследований, разработка и реализация совместных образовательных программ, создание пула экспертов в области государственного управления, госслужбы и HR. Теперь магистранты и докторанты будут изучать новые подходы системы управления, получают возможность проходить практику и стажировки в госорганах. На церемонии подписания с приветственным словом выступили зам. Председателя Агентства РК по делам государственной службы Азамат Жолманов и министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек.

«В настоящее время в нашей стране более 30 вузов осуществляют подготовку специалистов в области государственного управления. В рамках исполнения поручений Главы государства совместно с Агентством по делам государственной службы и Академией государственного управления при Президенте РК необходимо обновить образовательную программу по данному направлению. В современном мире сила цифровых технологий меняет мир. Соответственно, государственная служба должна быть готова к глобальным изменениям. В рамках совместной работы наши магистранты и докторанты будут заниматься прикладными научными исследованиями в области системы государственной службы и HR», – сказал министр.

После подписания стороны обсудили Дорожную карту по реализации мероприятий в рамках Меморандума.

www.nku.edu.kz

1 800 000 тг для молодых ученых

Ежегодно в Kozybayev University проводится конкурс Председателя Правления – Ректора для молодых ученых вуза. В нем принимают участие магистранты, докторанты и ППС в возрасте до 40 лет. Цель – выявить наиболее перспективные и интересные научные проекты, нуждающиеся в материальном поощрении. Членами комиссии являются представители Департамента науки и ведущие ученые университета по представленным направлениям. Размер гранта на 2023 год - 300 000 тенге каждому победителю. Всего поступило 12 заявок от представителей ФМЕН, ФИЦТ и ФИЭП.

По итогам своих исследований, в рамках освоения призового гранта, победители должны в течение года опубликовать 1 научную статью в изданиях индексируемых базой данных Scopus с процентилем свыше 35, либо 2 статьи в отечественных журналах, рекомендованных КОКНВО.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz



Миссия выполнима



списывающих, шпаргалок и другое. Также наблюдали за работой экспертов.

По итогу все замечания, допущенные на экзаменах, были рассмотрены на заседании Совета по этике и приняты соответствующие меры по их устранению. Отметим, что в Kozybayev University традиции привлечения к сессии волонтеров-прокторов уже 5 лет. Она доказала свою эффективность не только в рамках академического процесса, но и формирования у молодежи принципов честности и добропорядочности.

www.nku.edu.kz

Благодарственными письмами в вузе наградили волонтеров-прокторов, принявших участие в акции «Чистая сессия» в декабре 2022 года. Самые активные из ребят получили еще и ценные подарки. Член Правления по академическим вопросам Рената Апергенова поблагодарила студентов за проделанную работу. В течение зимней экзаменационной сессии 59 обучающихся следили за соблюдением норм академической честности на экзаменах. Они фиксировали посещаемость и нарушения процедуры: соответствие заявленному количеству экзаменуемых, наличие



**Читайте новости Kozybayev University
первыми на сайте ku.edu.kz**

Женщины в мире науки



Все больший процент женщин вовлекается в научную деятельность. Исследования, которые ведут женщины-ученые нашего вуза затрагивают различные актуальные темы в сельском хозяйстве, технических и естественных науках, математике, лингвистике и т.д. Они публикуют статьи в крупных научных журналах и реализуют проекты,двигающие казахстанскую науку вперед.

В честь Международного дня женщин в науке в Kozubayev University состоялось награждение ученых. Член Правления по вопросам инноваций и интернационализации Дамель Мектепбаева поздравила с праздником и вручила грамоты своим коллегам.

Они выигрывают научные гранты, являются кандидатами и докторами PhD в области филологии, инженерии, педагогики и других наук.Поздравляем всех женщин и девочек, участвующих в научных изысканиях!



#KozubayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Мырзантай Жақып.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Гүлшара Мұхаметжан.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі, № 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы №КЗ73ВР00042947 куәлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Таралымы: 10 дана.

Тапсырыс №47.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:

Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казакстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Мырзантай Жақып.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Гүлшара Мұхаметжан.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, Северо-Казакстанская область, город Петропавловск, улица Мағжана Жұмабаева, дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат».

Свидетельство о постановке на переучёт №КЗ73ВР00042947 выдано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Газета выходит 1 раз в месяц.

Тираж: 10 экземпляров.

Заказ №47.



**Читайте новости Kozybayev University
первыми на сайте ku.edu.kz**

Қымбатты оқырмандар!

Құрметті Kozybayev University оқытушылар, студенттер мен қызметкерлері, сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттермен суреттелген қызықты және көрнекті адамдар, өзекті оқиғалар туралы әңгімелер, өзекті тақырыптарға материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University, приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.